



ӨОЖ 343.265
ХҒТАР 10.77.41

Н.Т. Есқалы, А.А. Ешназаров

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

ТАТУЛАСУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Мақалада татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институтының ерекшеліктері мен қолдану аясы қарастырылады. Автор формалды құрамды құрайтын және екі объектіге қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға аталған институтты қолдану ерекшелігінің проблемалық аспектілеріне назар аударады. Сонымен қатар, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамаларда институттың қолданылу талаптарының өзара сәйкестігіне тоқталады. Аталған институттың қазіргі жағдайына талдау жасалып, тақырып аясында институтты жария айыптау істеріне қатысты қолдау негізінде қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерделенген. Отандық және өзге елдердің заңнамаларын салыстыру арқылы осы институттың мақсаттары және қылмыстық заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша институтты қолдануда қылмыстық құқықтың мақсаттарына жету үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды.

Түйінді сөздер: жәбірленуші; жария айыптау; зиян; міндеттеме; объект; қылмыстық құқық; татуласу; талап.

Н.Т. Есқалы, А.А. Ешназаров

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В СВЯЗИ С ПРИМИРЕНИЕМ

Аннотация. В статье рассматриваются особенности и сфера применения института освобождения от уголовной ответственности в связи с примирением. Авторы обращают внимание на проблемные аспекты применения данного института к уголовным правонарушениям, которые характеризуются формальным составом и посягают на два объекта. Кроме того, анализируется соответствие требований уголовно-процессуального и уголовного законодательства в части применения данного института. Проведен анализ его текущего правового статуса, а также изучены труды казахстанских и зарубежных ученых, обосновывающих применение института в делах публичного обвинения. Посредством сравнительного анализа национального и зарубежного законодательства исследуются цели данного института и его соответствие требованиям уголовного законодательства.

По результатам исследования предложено внесение изменений и дополнений в Уголовный кодекс Республики Казахстан для обеспечения достижения целей уголовного права при применении данного института.

Ключевые слова: жертва; публичное обвинение; ущерб; обязательство; объект; уголовное право; примирение; требование.



N.T. Yeskali, A.A. Yeshnazarov

The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Kosshy, the Republic of Kazakhstan

LEGAL ASPECTS OF EXEMPTION FROM CRIMINAL LIABILITY IN CONNECTION WITH RECONCILIATION

Abstract. The article examines the features and scope of application of the institution of exemption from criminal liability in connection with reconciliation. The author draws attention to the problematic aspects of applying this legal institution to criminal offenses that constitute a formal offense and infringe upon two objects. In addition, the article analyzes the compliance of the requirements of criminal procedural and criminal legislation regarding the application of this institution. A review of its current legal status is conducted, and the works of Kazakhstani and foreign scholars justifying the application of this institution in cases of public prosecution are studied. Through a comparative analysis of national and foreign legislation, the goals of this institution and its compliance with the requirements of criminal law are examined.

Based on the research findings, amendments and additions to the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan are proposed to ensure the achievement of the goals of criminal law when applying this institution.

Keywords: victim; public prosecution; harm; obligation; object; criminal law; reconciliation; requirement.

DOI: 10.52425/25187252_2025_37_73

Кіріспе. Қылмыстық кодекстің міндеттерін жүзеге асыру үшін құқық бұзушыны жазалау әрдайым орынды шара болып табылмайды. Қылмыстық заңнама жауапкершіліктен босату тетіктерін қолдану арқылы жүктелген міндеттерді жүзеге асырудың баламалы тәсілдерін де қарастырады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнама жауапкершіліктен босатудың бірнеше институтын қамтиды. Аталған институттардың ішінде татуласуға байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босату өзіндік ерекшеліктерге ие. Институт бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіруге, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға адамгершілікпен қарауға және сот процесіне түсетін ауыртпашылықты азайтуға бағытталған.

Институттың қылмыстық заңнамадағы рөлі маңызды екендігі күмән тудырмайды.

Дегенмен, аталған институтты қолдану тұрғысынан қылмыстық заңнаманың талаптарына сәйкес келмейтін қайшылықтар бар екені байқалады.

Материалдар мен әдістер. Салыстырмалы-құқықтық әдіс негізінде ғылыми әдебиеттер талданып, логикалық талдау

және құқықтық нормаларды түсіндіру әдістерін қолдану арқылы шетелдік және ұлттық заңнамалар зерделенді.

Нәтижелер, талқылау. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату ережелері көрсетілген. Онда: қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады¹.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды қалпына келтіру аталған институтты қолданудың басты талабы болып табылады. Зиян салдары материалдық құрамды қамтитын құқық бұзушылықтарға тән белгі болуына байланысты, аталған институт материалды құрамды қамтитын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қолдануға жатады деген тұжырым қалыптасады.

2001 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 ж. 3 шілде № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 30.03.2025).



68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» № 4 нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес зиянға қылмыстық құқық бұзушылық арқылы жәбірленушінің, арыз берушінің денсаулығына және мүлкіне келтірілетін немесе моральдық кез келген зиянды жатқызу қажет, бұл ретте тек тікелей шығындар ғана емес, сонымен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа байланысты, оның ішінде өкілге жұмсалатын шығынды қоса алғанда, алдын ала тергеуге, сотқа қатысуға байланысты жұмсалған шығындар жатады².

Зиянның есесін толтыру бүлінген мүлікті қалпына келтіру, ұрланған мүлікті қайтарып беру немесе тап сондай мүлікті ұсыну, ақшалай өтем төлеу, дәрі-дәрмектерді, санаторлық-курорттық жолдамаларды сатып әперу, жәбірленушінің, арыз берушінің алдында кешірім сұрау түрінде және заңмен тыйым салынбаған басқа да нысандарда болуы мүмкін.

Сонымен қатар, аталған нормативтік қаулының 6-тармағына сәйкес құқық бұзушылықпен келтірілгенін зиян үшін жасалатын өтем кінәлі адамның тұрғысынан емес, жәбірленушінің, арыз берушінің көзқарасымен алып қарағанда жеткілікті болуға тиіс.

Жоғарғы Соттың ұстанымына байланысты ҚК-нің 68-бабының бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам шын ниетпен өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толтырған болса, жәбірленуші, арыз беруші болмаған кезде де ҚК-нің 68-бабының үшінші бөлігінің негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

Сәйкесінше, аталған институтты қолдану талабында жәбірленушінің болуы маңызды емес, алайда қылмыстық құқық бұзушылықта материалдық құрамның болуы маңызды. Себебі қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиян толық көлемде қалпына келтірілуі қажет. Өз кезегінде институт материалдық құрамдағы құқық бұзушылықтарға қолданылуға тән

деген тұжырымды нақтылайды.

Институт қолданылуға жататын қылмыс санаттарынан тыс өзге түрлерінің қылмыстық заңнамада нақты жіктелмеуі ғалымдардың пікірінекіге бөлуге негіз болады. Бірінші топ бұл институттың жария айыптау істеріне қатысты қолданылмайтынын алға тартса, екінші топ, керісінше, оны жария айыптау істеріне қолдануға болатынын тұжырымдайды.

Бірінші топтың көзқарасын ескерсек, егер негізгі қол сұғылған объект формалды қылмыс құрамын, ал қосымша объект материалдық құрамды құраса (*яғни жәбірленушіге зиян келсе*). Онда қосымша объект тарапынан татуласу негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату, негізгі объектіге қатысты қаншалықты әділ шешім болатыны туралы объективті сұрақ туындайды.

М.В. Мешков пен Р.М. Минулиннің пікірлерінше, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстардың барлығын татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институтын қолдану орынсыз. Себебі бұл қылмыстар көбінесе қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне әсер етеді [1].

Осы тұрғыдан алғанда, М.В. Мешков пен Р.М. Минулиннің көзқарасы негізді болып табылады және терең талдауды қажет етеді.

Мәселен, құрамы екі объектіні қамтитын ҚК-нің 345-1-бабында (*алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы*) көрсетілген құқық бұзушылықтың негізгі объектісі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету болса, қосымша объект адам өмірі мен денсаулығы болып табылады.

Формальді түрде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етпестен, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқарған адамның әрекеті қосымша объект ретінде жәбірленушінің денсаулығына абайсызда орташа зиян келтіруге әкелсе, жәбірленушімен татуласу оның қозғалыс қауіпсіздігіне байланысты жауаптылықтан босатылуына негіз болады.

Нәтижесінде, жауаптылықтан

² Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 ж. 21 маусым № 4 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S_ (жүгінген күні: 30.03.2025).



босатылуына байланысты құқық бұзушыға көлік құралын басқару құқығынан айыру шарасы қолданылмайды. Өз кезегінде, ҚК-де көзделген қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеті мен жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсаты толық жүзеге аспайды.

Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың ұстанымына сәйкес заңның көрсетілген нормаларын қолдану кезінде жәбірленушілердің, арыз берушілердің ұстанымымен қатар, әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды сипаттайтын деректер, қылмыстық құқық бұзушылықтан туындаған салдарлар және істің басқа да елеулі мән-жайлары ескерілуге тиіс.

Аталған талап жоғарыда көрсетілген қоғамдық қауіпсіздікке қатысты бөліктің тыс қалуына қатысты тұжырымды нақтылайды.

Сот тәжірибесінде ҚК-нің 345-1-бабының 1-бөлігінде көрсетілген құқық бұзушылықтар бойынша аталған институтты қолдану практикасы біркелкі емес. Мысалы, 2024 жылы Жетісу облысы Есенкелді аудандық соты ҚК-нің 345-1-бабының 1-бөлігі бойынша айыпталған М.-ға қатысты қылмыстық істі ҚК-нің 68-бабының негізінде тоқтатқан. Ал 2022 жылы Алматы қаласы Медеу аудандық соты айыпталушы Ә.-ге қатысты қылмыстық істі қарау барысында қоғамдық қауіпсіздікке нұқсан келтіру бөлігі тыс қалғандықтан, ҚК-нің 68-бабын қолдануға жатпайтындығын көрсетіп, айыптау үкімін шығарған.

Сонымен қатар, қылмыстық заңнама әділеттік принципіне негізделе отырып қолданылуы тиіс, яғни алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқару Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауаптылыққа әкелсе, оның қайталануы қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам жәбірленушімен татуласуына байланысты жауаптылықтан босатылса, ал оның әрекетінің қайталануы тек әкімшілік жауаптылыққа алып келеді. Нәтижесінде,

қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның құқықтық жағдайы әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға қарағанда жеңіл болады. Бұл ретте құқықтық теңсіздік орын алады және әділдік принципіне қайшы келеді.

Одан бөлек, аталған институттың қолданылуы бойынша Д. Бикташев еңбегінде жәбірленушімен татуласу арқылы қылмыстық жауаптылықтан босату тек жекеше және жекеше-жариялы айыптау істеріне қатысты қолданылуы қажет. Ал, жария айыптау істері шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты негізінде жүзеге асырылуы қажет деп көрсетеді.

Ал, Л.А. Кесянның пікірінше, жария сипаттағы қылмыстар бойынша жәбірленушімен татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату мүлдем қолданылуға жатпайды деп санайды [2].

Аталған көзқарастарды ескерсек, жекеше және жекеше-жариялы айыптау істеріне ҚК-нің 68-бабын қолдану жөніндегі пікірлер назар аударарлық. Себебі мұндай істер көбіне жеке тұлға мен мүлікке қарсы бағытталған және құрылымы бойынша материалдық сипатқа ие.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 32-бабының 2, 3-бөліктеріне сәйкес жекеше және жекеше-жариялы айыптау істері жәбірленушінің шағымы бойынша басталады және жәбірленушінің күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуына орай тоқтатылуға жатады³.

Алайда, ҚК-нің 68-бабының талаптары ҚПК-нің 32-бабының 3-бөлігінде көзделген жекеше-жариялы айыптау істеріне қолданылуы мүмкін, ал жекеше айыптау істерінде татуласу аталған баптың негізінде жүзеге асырылмайды.

Сонымен қатар, ҚПК-нің 32-бабының 6-бөлігіне сай жария айыптау істері жәбірленушінің шағым бергеніне-бермегеніне қарамастан жүзеге асырылады. Тиісінше, аталған санаттағы істер ҚК-нің 68-бабында көзделген жағдайларда жәбірленушінің күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен татуласуына орай тоқтатылуға жатпайды деп

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: 2014 ж. 4 шілде № 231-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 30.03.2025).



тұжырымды қалыптастырады.

Алайда, Жоғарғы Соттың жария айыптау істеріне қатысты ұстанымы «заң екі және одан да көп объектіге қол сұғатын қылмыстар туралы істер (мысалы, бұзақылық, әскери қылмыс және т.б.) бойынша ҚК-нің 68-бабын қолдануға жол береді».

Екінші топтың көзқарасына тоқталсақ, Е. Смахтиннің пікірінше, егер «екі объектілі» қылмыстық істер бойынша негізгі объектіге қол сұғу оның болмашы маңыздылығына байланысты формалды деп танылса және жәбірленушімен татуласу қол жеткізілсе, онда бұл істер де татуласуға байланысты тоқтатылуы мүмкін.

Алайда, қол сұғудың болмашы маңыздылығын тану немесе танудан бас тарту қылмыстық істі жүргізетін тұлғаның құзыретіне жатады. Бұл шешімді сот, тергеуші немесе анықтаушы өз қаулысында дәлелді түрде негіздеуі тиіс деп санайды [3].

Ұқсас пікірді А. Крюковте ұстанады. Ол: «абайсызда жасалған қылмыстар қасақана жасалған қылмыстарға қарағанда қоғамға айтарлықтай аз қауіп төндіреді. Мұндай қылмыстар көбінесе көлік жүргізушісі қозғалыс кезінде барынша қысқа сәтте көлікті басқара алмай қалуының салдарынан адам өліміне немесе жәбірленушінің ауыр жарақат алуына әкеліп соғады. Әрине, бұл масаң күйінде жасалған жол қозғалысы ережелерін бұзуға қатысты емес. Сондықтан, мұндай қылмыстық істерді жәбірленушімен татуласуға байланысты қысқартуға жатпайтын істер санатына қосу дұрыс емес» деп санайды [4].

Е. Смахтиннің және А. Крюковтың пікірлері орынды. Пікірлер: Жоғарғы Соттың құрамында екі объектіні қамтитын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ҚК-нің 68-бабын қолдану мен ҚПК-нің талаптарына сәйкес келеді.

Алайда, бұл ұстаным қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануының алдын алу және әділеттілік талаптарын сақтау мақсаттарына толықтай сай келмейтіндігін көрсетті.

Тиісінше, екі немесе оданда көп объектіге қол сұғушылықпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарда жәбірленушінің негізгі

объекті қатарында болуы маңызды емес екендігін көрсетеді. Аталған институттың маңыздылығы қасақана немесе абайсызда жасалуы және негізгі объекті (формальді құрамды құрайтын қоғамдық қатынас болып табылғанда) бұзылған құқықтық қатынастың қауіптілік дәрежесінің төмендігінде екендігін көрсетеді.

Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты гуманизм саясатын жүзуге асырудың маңызды тетігі болып табылатындығы және сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік беретіндігі анық. Осы ретте, институттың қолданылу аясын кеңейту және қылмысты заң талаптарына сәйкестендіру қажет.

Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан емес жазадан босатылуы қажет. Бұл ретте өзгеріс қылмыстық құқықтың алдында тұрған міндеттерді шешу үшін барынша төмен және сонымен бірге жеткілікті болып табылатын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары өзінің ерекшеліктеріне байланысты, қылмыстық жазадан босату кезінде құқық бұзушыға ықпал ету құралы ретінде тағайындалуы мүмкін.

Мәселен, ҚК-нің 345-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жазадан босата отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталамауының алдын алу үшін көлік құралын басқару құқығына тыйым салу түрінде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын қолдану әділетті шешім болып табылады.

Алыс шетел тәжірибесінде татуласудың балама түрі (*Restorative Justice*) әділдікті қалпына келтіру тұжырымдамасы жұмыс атқарады.

Т. Касмири іс-әрекетінде жәбірленуші көзделмеген есірткі қолдануға қатысты қылмыстар бойынша әділдікті қалпына келтіру институтын қолдану арқылы жауаптылықтан босату, қылмыстың қайталануының алдын алуға қажетті іс-шара деп көрсетеді [5].



Қарсы пікірді Ф. Эдвардс өз зерттеуінде жәбірленуші көрсетілмеген қылмыстар бойынша аталған институтты қолдануда философиялық тұрғыдан институттың мақсатына жете алмайтындығын уәждейді [6, 38 б.].

Аталған заңнамалық қайшылықтар Ресей Федерациясы, Тәжікстан және өзге де Посткеңестік мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларында көрініс табады. Бұл ретте, алыс шетел мемлекеттерінің тәжірибесі назар аударарлық.

Германия мемлекетінің тәжірибесінде аталған институттың балама түрі жұмыс атқарады. Германия Қылмыстық-процестік кодексінің §153а-бабында айыптаудан шарттар мен нұсқаулар негізінде бас тарту (*Absehen von der Verfolgung unter Auflagen und Weisungen*) негіздері көрсетілген.

Егер құқық бұзушының іс-әрекеті онша ауыр емес құқық бұзушылық (*Vergehen*) болса, айыпталушының келісімімен, прокурор қоғамдық айыптау жариялаудан уақытша бас тарта алады және айыпталушыға белгілі бір шарттар мен нұсқаулар жүктеуге құқылы. Егер бұл ретте шарттар қоғам мен қылмыстық қудалау мүддесін қалпына келтіре алса.

Құқық бұзушыға келесідей шарттар мен нұсқаулар қолданылуы мүмкін:

Жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеу үшін өтемақы төлеу.

Мемлекеттік бюджетке немесе қайырымдылық ұйымына ақша сомасын төлеу.

Қоғамға пайдалы жұмыстарды орындау.

Алимент төлеу міндеттемелерін белгіленген мөлшерде орындау.

Жәбірленушімен татуласуға шынайы әрекет жасау (*келісімге келу*) және өз әрекетін толығымен немесе көп бөлігінен қалпына келтіруге тырысу.

Әлеуметтік тренинг курсынан өту.

Жол қозғалысы туралы заңға сәйкес жүргізушілерге арналған түзету курсына немесе біліктілікті арттыру семинарына қатысу.

Психиатриялық, психотерапиялық немесе әлеуметтік терапиядан өту (*терапиялық*

нұсқау).

Бұл шарттарды орындау үшін айыпталушыға келесідей мерзімдердің бірін белгілейді: 1-3, 5 және 7-тармақтарына – 6 айға дейін; 4, 6 және 8-тармақтарына – 1 жылға дейін.

Прокурор шарттарды кейіннен өзгертуі немесе ұзартуы мүмкін (*бір рет, 3 айға дейін*), ал айыпталушының келісімімен жаңа шарттар жүктеуі немесе қолданыстағыларын өзгертуі мүмкін. Шарттарды орындау мерзімі ішінде қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімі тоқтатылады⁴.

Егер айыпталушымен шарттар толық көлемде орындалса, қылмыстық іс тоқтатылуға жатады.

Яғни, Германия қылмыстық заңнамасында екі объектіге қол сұғатын онша ауыр емес қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша аталған институт қолданылуға жатады. Отандық институтпен салыстырғанда онда қоғам мүддесін қалпына келтіру және қылмыстық заңнаманың мақсатына жету жолын құқық бұзушыға белгілі бір қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қолданылады.

Франция мемлекетінің Қылмыстық-процестік кодексінің 41-1-бабына сәйкес, егер прокурор жәбірленушіге келтірілген залалды өтеуге, құқық бұзушылықтан туындаған қоғамдық мүддені қалпына келтіруге немесе қайта әлеуметтендіруге ықпал етеді деп есептесе, ол қылмыстық қудалауға қатысты шешім қабылдағанға дейін, келесі шаралардың бірін қолдануы мүмкін:

1. Құқық бұзушыға сынақ мерзімі бар қылмыстық ескерту жасалады, онда заң мен ережелерден туындайтын міндеттемелер мен жаза түрлері түсіндіріледі. Ол бұрын сотталған тұлғаларға, адамға қарсы зорлық-зомбылық жасағандарға немесе билік өкіліне қарсы құқық бұзушылық жасағандарға қатысты қолданылуға жатпайды.

2. Құқық бұзушыны медициналық, әлеуметтік немесе кәсіби мекемеге бағыттау. Бұл шара келесі курстарды (*өз есебінен*) өту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: азаматтық жауапкершілік; ата-аналық жауапкершілік; жыныстық қатынасты сатып алуға қарсы

⁴ Strafprozeßordnung (StPO) / § 153a Absehen von der Verfolgung unter Auflagen und Weisungen [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.gesetze-im-internet.de/stpo/_153a.html (жүгінген күні: 12.04.2025).



күрес, отбасындағы зорлық-зомбылық пен сексизмге қарсы күрес, есірткі қолдану қаупі туралы, жол қауіпсіздігі бойынша курс *(егер көлік жүргізуге байланысты құқық бұзушылық жасалса)*.

3. Құқық бұзушыға келтірілген залалды өтеу. Бұл мүлікті қайтару, бүлінген нәрселерді қалпына келтіру, жәбірленушіге немесе оған көмектескен тұлғаға өтемақы төлеу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Өтемақы сомасы 5 000 еуродан аспауы тиіс.

4. Құқық бұзушы мен жәбірленуші арасында татуластыру рәсімін өткізу. Егер өтемақы қарастырылса, жәбірленуші оны азаматтық кодекс ережелеріне сәйкес сот арқылы өндіріп ала алады. Отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайында татуластыруға жол берілмейді.

5. Егер құқық бұзушылық жұбайына, азаматтық некедегі серігіне, балаларға қарсы жасалса, құқық бұзушыны отбасылық үйден шығару және оған жақындамау талабын қоюға, қажет болған жағдайда медициналық немесе психологиялық қолдау шаралары қолдануы мүмкін.

6. Құқықбұзушыға жәбірленушілерге көмек көрсететін ұйымға азаматтық жарна төлеу талабын қою. Бұл ұйым сот округінде немесе апелляциялық сот аймағында орналасуы тиіс. Сома құқық бұзушылықтың ауырлығына және құқық бұзушының қаржылық жағдайына байланысты белгіленеді *(белгіленген заң шегінен аспауы тиіс)*⁵.

Франция мемлекетінің қылмыстық заңнамасында аталған институт Германия мемлекетінің институтына ұқсас. Құқық бұзушылықтан туындаған қоғамдық мүддені қалпына келтіру мәселесі назардан тыс қалмаған және құқық бұзушыға қатысты қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

Австрия мемлекеттің Қылмыстық-процес-тік кодексінің §204-бабына Қылмыс салдарын өтеу арқылы татуласу (Tatausgleich) сәйкес, қылмыс салдарынан жеке тұлғаның құқықтық мүдделері тікелей бұзылған болса, ал күдікті өз әрекетіне жауапкершілік алып, оның себептерін түсінуге дайын болса,

сондай-ақ қылмыстың салдарын өтеуге дайын болса және қажет болған жағдайда, болашақта осындай құқық бұзушылықтан бас тартуға ниетті екенін білдіретін міндеттемелерді алса, прокуратура істі уақытша немесе түпкілікті тоқтата алады.

Прокурорға жәбірленуші мен күдіктіге және олардың өкілдеріне татуласу талаптарына сәйкес бағыт-бағдар беру және қолдау көрсету үшін медиаторды қатыстыра алады.

Келтірілген залалды толық қалпына келтіруден бөлек құқық бұзушыға келесідей міндеттемелердің бірі қолданылуы мүмкін:

1. Ақшалай соманы төлеуі *(200-баптың 4-тармағы)*.

2. Қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауды *(201-баптың 4-тармағы)*.

3. Сынақ мерзімін және белгілі бір міндеттемелерді қабылдауды *(203-баптың 3-тармағы)*.

Егер прокурор уақытша қудалаудан бас тартқан болса, онда 205-бабына сәйкес құқық бұзушы өзіне қойылған міндеттемелерді орындаудан жалтаруына байланысты қайта жаңғырта алады.

Егер күдікті ақшалай соманы немесе міндеттемелерді толық немесе уақытында орындай алмаса, және бұл оның жеке жағдайларына байланысты *(мысалы, табысының немесе мүлкіктік жағдайының өзгеруі)*, онда прокуратура соманы немесе міндеттемені қайта қарастырып, жеңілдетеді алады.

Күдікті өзіне алған міндеттемелер, төлемдер және басқа да өтемақы шаралары, істі қайта жаңғырту кезінде заңдық күшін жояды. Күдікті төлеген ақшалай сома шартты түрде берілмеген айыппұлға есептеледі, ал қалған сомалар қайтарылады. Басқа да атқарылған шаралар *(мысалы, қоғамдық жұмыс)* үкімі шыққан жағдайда жаза мөлшерін есептегенде ескеріледі.

Австрия мемлекетінің қылмыстық заңнамасында аталған институт отандық заңнамадағы институтқа қарағанда келесі негіздер бойынша жұмыс атқарады. Отандық заңнамада басты талап зиянын толық

⁵ Code de procédure pénale / Version en vigueur au 28 mars 2025 / (France) [Электрондық ресурсы] – Айналыс режимі: https://www.legifrance.gouv.fr/codes/section_lc/LEGITEXT000006071154/LEGISCTA000006167418/2025-03-28/#/LEGISCTA000006167418 (жүгінген күні: 12.08.2025).



көлемде қалпына келтірілуі болса, ал Австрия мемлекетінің институты құқық бұзушыға белгілі бір уақыт аралығында зиянды өтеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алдағы уақытта қылмыстық құқық бұзушылықты жасамау мақсатында міндеттеме алады.

Қорытынды. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатында гуманизмді жүзеге асырудың маңызды тетігі болып табылатындығы және сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік беретіндігі анық.

Дегенмен, аталған институттың қазіргі жағдайы оны келесі негіздерге байланысты жария айыптау істеріне қатысты қолдануға мүмкіндік бермейтіндігін көрсетті. Себебі шетелдік тәжірибе көрсеткендей, отандық институттың құқықтық мәртебесі келтірілген залалды өтеуге бағытталғанымен, ол қоғам мүддесін қалпына келтіру мен құқық

бұзушыны қайта түзеуге ықпал ететін тетіктерді қамтымайды.

Осы ретте, институттың қолданылу аясын кеңейту және қылмыстық заң талаптарына сәйкестендіру қажет. Талданып отырған институттың құқықтық реттеу мәселесін шешу бойынша келесі шараны ұсынамын:

ҚК-нің 68-бабының атауын «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату» деген сөйлемге өзгертуді және 68-бабын 3-1-бөлігімен толықтыруды:

3-1. Қылмыстық жазадан босату кезінде көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде көлік құралын басқару құқығына тыйым салу шарасы қолданылады.

Бұл, толықтыру өз кезегінде отандық қылмыстық заңнаманың дамуына және аталған институттың қолданылу аясын нақтылауға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мешков, М.В. По каким преступлениям возможно освобождение от уголовной ответственности в связи с примирением сторон? / М.В. Мешков, Р.М. Минулин // *Victimology*. – 2022. – № 9 (1). – С. 49-62.
2. Кесян, Л.А. Современные проблемы освобождения лица от уголовной ответственности в связи с примирением с потерпевшим / Л.А. Кесян // *Modern Science*. – 2023. – № 3-1. – С. 21-24.
3. Смахтин, Е.В. К вопросу о примирении сторон в уголовном процессе / Е.В. Смахтин // *Вестник пермского университета*. – 2013. – № 1 (19). – С. 204-216.
4. Крюков, А.В. Освобождение от уголовной ответственности в связи с примирением с потерпевшим как форма соблюдения прав участников производства по уголовному делу / А.В. Крюков // *Юридическая наука*. – 2022. – № 10. – С. 65-69.
5. Kasmiri, T. Restorative Justice Approach To Victimless Crime [Электрондық ресурс] / T. Kasmiri, I. Nyoman Nurjaya, P. Djatmika // *International Journal Of Humanities Education and Social Sciences*. – 2024. – № 3 (4). – Айналыс режимі: <https://doi.org/10.55227/ijhess.v3i4.886> (жүгінген күні: 12.08.2025).
6. Edwards, P. Restorative Justice Without a Victim: Rise and the Roads Not Taken / P. Edwards // *British Journal of Community Justice*. – 2021. – № 17 (1). – Pp. 23-41.

References:

1. Meshkov, M.V. Po kakim prestuplenijam vozmozhno osvobozhdenie ot ugovnoy otvetstvennosti v svjazi s primirenijem storon? / M.V. Meshkov, R.M. Minulin // *Victimology*. – 2022. – № 9 (1). – S. 49-62.
2. Kesjan, L.A. Sovremennye problemy osvobozhdenija lica ot ugovnoy otvetstvennosti v svjazi s primirenijem s poterpevshim / L.A. Kesjan // *Modern Science*. – 2023. – № 3-1. – S. 21-24.
3. Smahtin, E.V. K voprosu o primireanii storon v ugovlovnom processe / E.V. Smahtin // *Vestnik permskogo universiteta*. – 2013. – № 1 (19). – S. 204-216.
4. Krjukov, A.V. Osvobozhdenie ot ugovnoy otvetstvennosti v svjazi s primirenijem s poterpevshim kak forma sobljudenija prav uchastnikov proizvodstva po ugovlovnomu delu / A.V. Krjukov // *Juridicheskaja*



nauka. – 2022. – № 10. – S. 65-69.

5. Kasmiri, T. Restorative Justice Approach To Victimless Crime [Jelektronдық resurs] / T. Kasmiri, I. Nyoman Nurjaya, P. Djatmika // International Journal Of Humanities Education and Social Sciences. – 2024. – № 3 (4). – Ajnalyz rezhimi: <https://doi.org/10.55227/ijhess.v3i4.886> (zhыgingen kыni: 12.08.2025).

6. Edwards, P. Restorative Justice Without a Victim: Rise and the Roads Not Taken / P. Edwards // British Journal of Community Justice. – 2021. – № 17 (1). – Pp. 23-41.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Нұрғазы Төлегенұлы Есқалы – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының докторанты, e-mail: yeskali.nurgazy@mail.ru.

Есқалы Нұрғазы Төлегенұлы – докторант Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, e-mail: yeskali.nurgazy@mail.ru.

Yeskali Nurgazy Tulegenuli – Doctoral Student of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, e-mail: yeskali.nurgazy@mail.ru.

Алмаз Алгазович Ешназаров – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты Арнайы заң пәндері кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, e-mail: astana.eaa@gmail.com.

Ешназаров Алмаз Алгазович – заведующий кафедрой специальных юридических дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук, e-mail: astana.eaa@gmail.com.

Yeshnazarov Almaz Algazovich – Head of the Department of Special Legal Disciplines Institute of Postgraduate Education of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, e-mail: astana.eaa@gmail.com.